

Алматы облысы әкімінің 1998 жылғы 14 мамырдағы N 5-170 және Алматы облысы мәслихатының 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 20-157 "Алматы облысындағы облыстық мәні бар Қапшағай қаласының шекарасын өзгерту және оған ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру туралы" бірлескен шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 32-194 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі N 45а қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 11 мамырда N 2050 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы туралы" Заңының 28-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 817 Қаулысымен бекітілген "Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу Ережесінің" 3-тармағы негізінде Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы әкімінің 1998 жылғы 14 мамырдағы N 5-170 және Алматы облысы мәслихатының 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 20-157 "Алматы облысындағы облыстық мәні бар Қапшағай қаласының шекарасын өзгерту және оған ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру туралы" бірлескен шешіміне (1998 жылғы 16 шілдеде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 21 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бірлескен шешімнің атауындағы "және оған ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру" деген сөз тіркесі алынып тасталсын;
кіріспе бөлігіндегі 1, 2, 3 абзацтар алынып тасталсын;
3 - тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Үмбетов

сессиясының төрағасы

Х. Ахметжанов

хатшысы

А. Сыдық

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК